

## Қазақстан Республикасында жасалған құпия өнертабыстармен жұмыс істеудің уақытша тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 тамыздағы N 1044 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 1324 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.08 № 1324 Қаулысымен.**

Мемлекеттің мүдделерін қорғау құпия өнертабыстарды жасауға және пайдалануға, оларға Қазақстан Республикасының қорғаныш құжаттарын беруге байланысты туындайтын қарым-қатынастарды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында жасалған құпия өнертабыстармен жұмыс істеудің беріліп отырған Уақытша ережесі бекітілсін.

2. Орталық және өзге атқарушы органдар (беріліп отырған тізбеге сәйкес) құпия өнертабыстарға арналған өтінімдерді қарауды қабылдау, оларға сараптама жүргізу, басымдықты белгілеу және Қазақстан Республикасының қорғаныш құжаттарын беру туралы шешім қабылдау жөнінде құқық берілсін.

3. Аталған тізбедегі орталық және өзге атқарушы органдар:

орталық аппараттардың құрылымында Қазақстан Республикасы Үкіметінің олар үшін бекітілген шектердегі адам саны мен оларды ұстауға арналған қаржыда құпия өнертабыстарды мемлекеттік қорғауға байланысты жұмыстарды жүзеге асыру үшін патент бөлімшелерін құрсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосымен бірлесіп құпия өнертабыстарға арналған өтінімдерді қараудың процедуралық мәселелерін жүзеге асыру мен өзара іс қимыл жасау, оларды сараптау және Қазақстан Республикасының қорғаныш құжаттарын беру жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлесін.

4. Уақытша тәртіпте көзделген жұмыстарды, өтемақылық төлемдерді, біржолғы ақылай ынталандыру сыйақыларын қаржыландыру Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына ғылымға бөлінген республикалық бюджет қаражатының есебінен 1997 жылдан бастап жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы, Ұлттық патент ведомствосы өтемақылар мен сыйақылардың сараланған мөлшерін, сондай-ақ оларды төлеудің тетігін әзірлеп, оны 1996

жылдың 1 қазанына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 22 тамыздағы

№ 1044 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасында жасалған құпия  
өнертабыстармен жұмыс істеудің Уақытша тәртібі**

1. Осы Уақытша тәртіп (бұдан әрі - Тәртіп) құпия өнертабыстарды жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді және құпия өнертабыстарға өтінім берудің және оны қараудың, оларға қорғаныш құжаттарын берудің, ақпаратты таратудың, оларды пайдалану туралы лицензиялық шарттарды жасаудың, құпия ұстағаны үшін ақшалай өтемақылар, ынталандыру сыйақылар, сондай-ақ мемлекеттің ұлттық қауіпсіздік мүддесінде өнімдер әзірлеу мен өндіру (бұдан әрі - арнаулы өнім) кезінде құпия өнертабыстарды пайдаланғаны үшін сыйақылар төлеудің шарттарын айқындайды.

2. Өнертабыс "Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесінің және орталық атқарушы органдар әзірлеген құпия ұстауға жататын мәліметтердің тізбелерінің негізінде құпия ұсталады.

Өнертабыстарды коммерциялық құпияны сақтау ойымен немесе мемлекеттік құпияларды сақтауға байланысы жоқ басқа себептермен құпия ұстауға жол берілмейді.

3. Құпия өнертабыстарға өтінім тиісті орталық атқарушы органдарға немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосына (бұдан әрі - Қазпатент) беріледі, олар Қазақстан Республикасының Патент заңына сәйкес қ а р а л а д ы .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес әзірленетін қару-жарақ пен әскери техниканың принципті жаңа құралдарына жататын және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ететін арнаулы техникалық құралдардың құпия өнертабысына арналған өтінімдер құпия өнертабыстарға арналған өтінімдерді қарауды қабылдау, олар бойынша сараптама жүргізу мен

басымдықты белгілеу жөніндегі құқықтар берілген орталық атқарушы органдардың патенттік бөлімшелеріне беріледі. Мұндай органдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

4. Құпия өнертабысқа арналған өтінімді автор (авторлар), жұмыс беруші немесе олардың құқықтық мұрагері (бұдан әрі - өтінім беруші) береді. Өтінім беруші болып табылмайтын өтінім беруші мен автордың арасындағы өзара қарым-қатынас олардың арасында келісім айқындалады. Жұмыс беруші мен қызметтік міндеттерін орындауға немесе жұмыс берушіден нақты тапсырма алуға байланысты жасалған өнертабыстардың авторының (авторларының) арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Патент заңымен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 тамыздағы N 896 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жасалған қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілері туралы ережемен және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 наурыздағы N 227-9 қ. қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құпиялық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықпен реттеледі.

5. Құпия өнертабысқа қорғаныш құжатын алу құқығы осы Тәртіптің 4-тармағына сәйкес өтінім беру құқығына ие адамға (адамдарға) тиесілі.

6. Арнаулы өнімді әзірлеуге және өндіруге арналған шарттарды орындаушы жеке және заңды тұлғалар өнертабыстың құпиялылық дәрежесін немесе шарттарын қайта қарау жүзеге асырылуы тиіс олардың қайта қаралу мерзімдерін көрсетеді. Мұндай өнертабыстарға өтінімдер өтініш берушінің ақпаратын қорғау бөлімшесі арқылы беріліп, өнертабыстың құпиялылығын белгіленген дәрежесінің және оны қайта қарау мерзімдерінің негіздемесі қоса ұсынылады.

Арнаулы өнімді әзірлеуге және өндіруге арналған шарттарды орындауға байланысы жоқ, бірақ өз қызметтерінде өздерінің пікірінше оларды ашық жариялау ұлттық қауіпсіздікке залал келтіруі мүмкін мәліметтері бар жеке және заңды тұлғалар осындай мәліметтері бар құпия өнертабыстарға арналған өтінімдерді жұмыс немесе қызмет орны бойынша ақпаратты қорғау бөлімшесі арқылы, ал мұндай мүмкіншілік болмағанда - тұрғылықты жері, жүрген жері бойынша жергілікті атқарушы органдар арқылы құпия почтамен берді. Өтінім бұл жағдайда өтінім берушінің өнертабысты құпия ұстау туралы өтінішімен қайта жолданып, Қазпатентке беріледі.

7. Қазпатентке келіп түскен өтінімдер мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер тізбесі бойынша, сондай-ақ орталық атқарушы органдар әзірлеген тізбелер бойынша тексеріледі. Жоғарыдағы аталған тізбелердегі мәліметтерге қатысы бар өтінімдер табысы қалған жағдайда, олар өздері солардың қызметіне жататын орталық атқарушы органды айқындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық

комиссияға (бұдан әрі - Мемтехкомиссия) беріледі. Жекелеген жағдайларда өтінімдер қарауы үшін Қазпатентке қайтарылады.

Бірнеше орталық атқарушы органның қызмет аясына жататын өнертабыстарды құпия ұстаудың және құпиялылық дәрежесін белгілеудің негізділігін және Қазпатентке оларға арналған өтінімдерді тексеру үшін Қазпатенттің ұсынуы бойынша осы органдардан ведомствоаралық комиссия құрылады. Комиссия өтінім келіп түскен датадан бастап екі айдың ішінде аталмыш өнертабысты құпия ұстаудың негізділігіне тексеру жүргізетін орталық атқарушы органды айқындайды. Бұл жағдайда тексеру мерзімі ведомствоаралық комиссияның жұмыс істеу уақытына ұзартылады.

Өтінімді құпия ұстау туралы шешім қабылданған жағдайда бұл туралы өтінім беруші хабарландырылады.

8. Құпия өнертабыстарға келіп түскен өтінімдерге қатысты оларды құпия ұстау мен құпиялылық дәрежесін белгілеудің негізділігіне тексеру жүргізіледі.

Мұндай тексеруді қызмет аясына осы өнертабыс жататын орталық атқарушы орган жүргізеді және бұл өтінім келіп түскен датадан бастап үш айдың ішінде

а я қ т а л у ы т и і с .

Егер өтінім білдірілген өнертабысты құпия ұстау үшін жеткілікті негіздер анықталмаған болса, өтінім білдірушіге құпиялылық дәрежесін төмендету, құпиясын ашу немесе өтінім білдірілген шешімнің өтінім материалдарынан мәніне жатпайтын құпия мәліметтерді алып тастау туралы дәлелді қорытынды ж о л д а н а д ы .

Егер өтінім білдіруші осындай қорытынды алған датадан бастап екі айдың ішінде құпиялылық дәрежесін төмендетпесе, құпиялылығын ашпаса, өтінім материалдарынан өтінім білдірілген объектінің мәніне жатпайтын құпия мәліметтерді алып тастамаса немесе аталған мерзімді ұзарту туралы дәлелді өтініш жасамаса, өтінім берілмеген деп танылады.

9. Құпия ұстау қажеттілігі расталған құпия өтінімдерге арналған келіп түскен өтінімдер жөнінде шартты сараптама жүргізіледі.

Құпия өнертабыстарға арналған өтінімдерге сараптама Қазпатент белгілеген тәртіппен жүргізіледі. Бұл ретте қорғаныс қабілетінің шарттарына, сараптама жүргізудің тәртібіне қатысты осы Тәртіптен туындайтын тиісті өзгерістер мен құпия емес өнертабыстарға арналған өтінімдерге сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптары қолданылады.

Оң нәтижемен шартты сараптамадан өткен құпия өнертабыстарға арналған өтінімдер бойынша алдын ала патент беріледі. Егер шартты сараптау нәтижесінде өтінімнің патенттік қабілетке жатпайтын ұсынысқа ресімделгені анықталса, алдын ала патент беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Мәні бойынша сараптама жүргізу туралы өтініш берілген жағдайда сараптама

мәні бойынша жүргізіледі. Мәні бойынша сараптаманың нәтижелері бойынша өнертабысқа патент беру туралы немесе бас тарту туралы шешім шығарылады.

10. Құпия өнертабысқа қорғаныш құжатын беруден бас тарту туралы сараптама шешіміне қарсылық сараптаманың жүргізілу орны бойынша Қазпатент немесе тиісті құқықтар берілген орталық атқарушы орган айқындаған тәртіппен қаралады. Аталған қарсылықтар бойынша қабылданған шешімдерге Қазақстан Республикасының Патент Заңына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

11. Қорғаныш құжатын беру туралы шешім қабылдаған орталық атқарушы орган Қазпатентке осындай шешімнің қабылданғаны туралы хабарлама ж о л д а й д ы .

Қазпатент құпия өнертабысты Құпия өнертабыстардың мемлекеттік реестрінде тіркейді және өтінім иесіне алдын ала патент немесе патент береді. Егер бірнеше адамның атына қорғаныш құжатына сұраным жасалса, оларға бір қ о р ғ а н ы ш к ұ ж а т ы б е р і л е д і .

Өтінім беруші құпия өнертабысты Құпия өнертабыстардың мемлекеттік реестріне тіркеу датасына дейін қайтып алуына құқылы.

12. Алдын ала берілген патент пен патент қорғаныш құжаттары болып табылады және өнертабысқа авторлықты, басымдықты, оларды пайдалану құқығын, сондай-ақ құпия ұстағаны үшін ынталандыру сыйақысын, ақшалай өтемақы және құпия өнертабысты пайдаланғаны үшін сыйақы алу құқығын к у ә л а н д ы р а д ы .

Алдын ала берілген патент пен патент өнертабысты құпия ұстау мерзімі ішінде, бірақ құпия емес өнертабыстарға қорғаныш құжатының қолданылатын белгіленген мерзімінен аспайтын уақытқа қолданылады.

Құпия өнертабыстар туралы мәліметтер белгіленген тәртіппен құпия өнертабыстар туралы ақпарат жүйесінде қолданылады.

13. Құпия өнертабыс авторына (авторларына) біржолғы ақшалай ынталандыру с ы й а қ ы с ы т ө л е н е д і .

Патент иесі болып табылатын авторға (авторларға) біржолғы ынталандыру сыйақысын осы тәртіпке сәйкес құпия ұстау қажеттігін растаған орталық атқарушы органның ұсынуы бойынша, алдын ала берілген патент пен патентті көрсеткен датадан бастап бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы төлейді.

Патент иесі болып табылмайтын авторға (авторларға) ынталандыру сыйақысын алдын ала берілген патент пен патент берілген датадан бастап бір ай мерзім ішінде патент иесі төлейді.

14. Құпия өнертабыстың патент иесіне осы Тәртіптің 7-тармағына сәйкес өнертабысты құпия ұстау қажеттігін растаған орталық атқарушы органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым

академиясы құпия ұстағаны үшін ақшалай өтемақы төлейді. Өтемақыға сондай-ақ баждарды төлеу жөніндегі патент иесінің шығыстарының орнын толтыру мен құпия өнертабыс авторына (авторларына) ынталандыру сыйақысын төлеуде кіреді.

Өнертабысты құпия ұстағаны үшін ақшалай өтемақы алдын ала берілген патент пен патентті көрсеткен датадан бастап бір ай мерзімде төленеді.

15. Қазпатентте сараптамадан өткен өтінімдер бойынша сыйақылар мен өтемақылар (авторлар мен патент иелеріне) осы тәртіппен төленеді.

16. Құпия өнертабыстарды пайдалану құқығы алдын ала берілген патент пен патент иесіне, сондай-ақ бұл құқық өздеріне заңды негізде көшкен адамдарға тиесілі.

Арнаулы өнімді әзірлеу мен өндіруге арналған шарттарды орындау кезінде жасалған құпия өнертабыстарды пайдалану құқығы егер шарттарда өзгеше көзделмеген болса патент иесіне тиесілі.

17. Құпия өнертабыстарды пайдалану лицензиялық шарт негізінде жүзеге асырылады.

Лицензиялық шарттарды тіркеуді Қазпатент жүзеге асырады.

Тіркеусіз лицензиялық шарттарды тіркеуді Қазпатент жүзеге асырады. Тіркеусіз лицензиялық шарттың күші жоқ деп саналады.

Патент иесінің өз өндірісінде арнаулы өнімге байланысы жоқ арнаулы өнімді әзірлеу мен өндіруге арналған шарттарды орындау кезінде жасалған құпия өнертабысты пайдалану құқығын пайдалануы және оны үшінші бір адамдарға беруі осы өнімнің тапсырысшының рұқсатымен жүргізіледі.

18. Тапсырысшы алдын ала патенттер немесе патенттер берілген құпия өнертабыстарды пайдаланып арнаулы өнімді әзірлеу мен өндіруге арналған шарттарды жасау кезінде лицензиялар үшін қажетті қаржы қаражатын бөле отырып, олардың сатып алынуын қамтамасыз етеді.

Құпия өнертабысқа арналған алдын ала берілген патент немесе патенттің патент иесімен келісімге келу мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі патент иесінің келісімінсіз, оған өтемақы төлеп арнаулы өнімнің тапсырысшысына құпия өнертабысты ұлттық қауіпсіздік мүддесінде пайдалануға рұқсат етеді.

Аталған өтемақының мөлшері туралы даулар сот тәртібімен қаралады.

19. Патент иесі болып табылмайтын авторға (авторларға) құпия құпия өнертабысты пайдаланғаны үшін сыйақы төленеді.

Құпия өнертабысқа арналған алдын ала берілген патенттің немесе патент иесіне, егер ол бұл өнертабысты өзінің өндірісінде пайдаланса немесе лицензияны оны пайдалануға берсе, оған сыйақы төленеді. Төлем патент иесінің өз қаражатының есебінен жүргізіледі.

Сыйақының мөлшері мен оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасында жасалған қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілер туралы ережеге сәйкес белгіленеді.

Сыйақылардың мөлшері туралы даулар сот тәртібімен қаралады.

20. Құпия өнертабыстарға арналған өтінімдерді беру мен қарауға байланысты заңдық мәні бар іс-қимылдардан Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 889 қаулысына сәйкес баж алынады.

Патентті бергені және оны күшінде болуын қолдағаны үшін баж алынбайды.

21. Құпия ұстау қажеттігін растаған орталық атқарушы органның өнертабыстың құпиялылығының белгіленген дәрежесінің сақталуы қажеттігін тексеруі бес жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Мұндай тексеру өтінім берушінің немесе патент иесінің бастамашылығы бойынша да жүргізілуі мүмкін.

Құпиясын ашу туралы шешімді өтініш білдірушімен немесе патент иесімен бірлесіп орталық атқарушы орган қабылдайды. Арнаулы өнімді әзірлеу мен өндіруге арналған шарттарды орындау кезінде жасалған құпия өнертабыстар бойынша құпиясын ашу туралы шешім осы өнімнің тапсырысшысымен келісіледі.

Құпиясын ашу туралы шешім өтінім берушіге немесе патент иесіне хабарланып, қазпатенттің ресми бюллетенінде жарияланады.

Өнертабыстардың құпиясын ашу жөніндегі құқықтық сәйкес емес шаралар туралы даулар сот тәртібімен қаралады.

22. Құпиясы ашылған өнертабысқа өтінім беруші немесе патент иесі құпиясы ашылған датадан бастап бір жыл ішінде Қазпатентке оның қолданылуының қалған мерзімінде белгіленген баждың төленіп, құпия емес өнертабыстар үшін заңда көзделген қорғаныш құжатын беру туралы өтініш жасай алады.

Өтінішті беру мерзімі өтінім берушінің немесе патент иесінің дәлелді өтініші бойынша ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл екі айдан аспайды. Белгіленген мерзімді бұзып келіп түскен өтініш қаралуға қабылданбайды.

Қазпатент өнертабыстың құпиясын ашуға арналған өтінім материалдарын олар бойынша жүргізілген сараптамаларды ескере отырып қарайды.

23. Өнертабыстың құпиясын ашуға арналған қорғаныш құжатын беру құпия өнертабысқа бастапқы берілген өтінім бойынша белгіленген басымдық сақталына отырып, Қазақстан Республикасының Патент заңына сәйкес жүргізіледі.

Құпиясы ашылған өнертабысқа арналған қорғаныш құжатының қолданылу мерзімі құпия өнертабысқа бастапқы өтінімнің берілген датасынан бастап есептеледі.

Құпиясы ашылған өнертабысқа берілген қорғаныш құжаты өтініш берілген датадан бастап қолданылады.

24. Өтінім беруші немесе патент иесі авторлармен бірлесіп өтінім берген датасынан бері 20 жылдық мерзім өтпеген, авторлық куәлікпен немесе КСРО патентімен қорғалған құпия өнертабысқа қалған мерзіміне құпия өнертабысқа арналған Қазақстан Республикасының патентін беру туралы өтініш беруге құқылы. Өтініш тиісті орталық атқарушы органға немесе Қазпатентке беріліп белгіленген тәртіппен қаралады. Бұл жағдайда өтемақы төленбейді.

25. Өтінім беруші авторлармен бірлесіп іс жүргізу сақталмаған және қорғаныш құжаттары берілмеген құпия өнертабыстарға арналған авторлық куәліктер немесе КСРО патенттерін беруге өтінімдер жөнінде бастапқы берілген өтінім бойынша басымдық сақталынып, өтінімді берген датадан бастап олардың қолданылуының қалған мерзіміне құпия өнертабыстарға арналған Қазақстан Республикасының қорғаныш құжаттарын беру туралы өтінім жасауға құқылы.

Өтініш осы Тәртіп күшіне енген датадан бастап бір жылдың ішінде беріледі.

26. Авторлық иелену, авторлас болуға мәжбүрлеу, құпия өнертабыс туралы мәліметтерді заңсыз жария ету Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке апарып соғады.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
1 9 9 6                      ж ы л ғ ы                      2 2                      т а м ы з д а ғ ы  
N                      1 0 4 4                      қ а у л ы с ы н а  
ҚОСЫМША

**Құпия өнертабыстарға арналған өтінімдерді қарауға  
қабылдау, оларға сараптама жүргізу, басымдықты белгілеу  
және қорғаныш құжаттарын беру туралы шешім қабылдау  
жөнінде құқықтар берілген Қазақстан Республикасы орталық  
және өзге атқарушы органдарының  
ТІЗБЕСІ**

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы  
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі  
Қазақстан Республикасының Ұлттық патент ведомствосы  
Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің  
Қорғаныс                      өнеркәсібі                      жөніндегі                      комитеті

**ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 1997.06.20. N 997 , 1999.09.10.  
N 1363 қаулыларымен.**



